# №3 хаттама
## педагогикалық кеңес

31.01.2025 жыл

Педкеңес төрайымы: меңгеруші - Барикова Г.Ж.

Педкеңес хатшысы: тәрбиеші - Оразбаева Э.Т.

Тақырыбы: „Тірі табиғат құралдарымен экологиялық тәрбие"

Мақсаты: Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі балалардың экологиялық білім деңгейін арттыру.

Міндеттері:
- Экологиялық тәрбие бойынша жұмысты жүйелеу, осы тақырып бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының мамандары мен тәрбиешілерінің өзара іс-қимылын орнату.
- Балалардың жабайы табиғатқа қатысты қарапайым мінез-құлық нормаларын игеруін күшейту.
- Педагогтер мен ата-аналардың шығармашылық әлеуетін дамыту.

Қатысқандар:

Күн тәртібі:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы - меңгеруші: Барикова Г.Ж.
2. „Экологиялық пияз" презентациясы - тәрбиеші: Нлеубаева Г.А.
3. „Жас ерекшеліктері бойынша баланың ауру-сырқау нәтижесі" - медбике: Макаубаева Б.Ж.
4. „Ұздік табиғат бұрышы" байқауының қорытындысын шығару - меңгеруші: Барикова Г.Ж.
5. „Балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастыру" тақырыбындағы тақырыптық бақылау қорытындылары бойынша талдамалық анықтама - меңгеруші: Барикова Г.Ж.
6. Ойын - КТД ұжымдық шығармашылық қызмет, практикалық жұмыс - музыка жетекшісі: Нулебаева Ж.М.
7. „Еңістіктегі шыңтар" презентациясы - педагог-психолог: Сәрсенбаева Г.З.
8. Ағымдағы мәселелер.

I тыңдалды: №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы

Сөйледі: №1 „Күншуақ" бөбекжай - балабақшасы меңгерушісі Барикова Г.Ж. өткен педагогикалық кеңес шешіміне тоқталып өтті. Бөбекжай мен отбасы арасындағы ынтымақтастықпен достастық аясында жылдық жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. Педагогтер ата-аналармен

әртүрлі сайыстар ұйымдастырып өткізіп, ата-аналардың алғыстарын айтып келеді. Ата-аналармен жұмыс жүргізу барысындағы кемшіліктерді жою бойынша жұмыстар жүргізілді және әдіскер тарапынан бақылауға алынған.

Қаулы етті: Өткен педагогикалық кезек шешімі қанағаттанарлық

II тыңдалды: „Экологиялық пияз" рефлексиясы

Сөйледі: тәрбиеші Тлеубаева Г. А. сөз алды. Педагогтармен экологиялық тәрбиеге байланысты „Экологиялық пияз" рефлексиясын өткізді. Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде бала табиғат туралы эмоционалды әсер алады, өмірдің әртүрлі формалары туралы идеяларды жинақтайды, яғни, ол экологиялық ойлаудың, сананың негізгі негіздерін қалыптастырады, экологиялық мәдениеттің бастапқы элементтерін салады. Бірақ бұл тек бір жағдайда болады, егер бала тәрбиеленіп отырған ересектердің өздері экологиялық мәдениетке ие болса, барлық адамдарға ортақ экологиялық проблемаларды түсініп, олар туралы дұрыс түсінік қалыптастырады. Біздің міндетіміз балаларға экологиялық білімнің негіздерін қалай жеткізуге болатынын талдайтын боламыз, - деп педагогтермен рефлексиялық ойын өткізді.

Қаулы етті: Педагогтермен өткізілген рефлексиялық ойын қанағаттанарлық

III тыңдалды: „Жас ерекшеліктері бойынша баланың ауру-сырқау нәтижесі".

Сөйледі: медбике Манаубаева Б. Ж. сөз алды. Қазақстанда жыл сайын эпидемиологиялық кезеңде ЖРВИ-мен және тұмаумен 800 мыңнан 1 миллионға дейін адам ауырады. Тұмаумен ауыратындардың саны артқан сайын, тұмаудың ағымы да өршиді бұл - заңдылық. Бұдан кейін вирус ешқайда кетпейді. Сырқаттанушылықтың маусымдық артуының себебі бала отырып, адамдар арасындағы циркуляциясы жалғаса береді. Тұмау вирусы барлық елдерде және құрлықтарда таралған. Қысқы айлардағы сырқаттанушылық мен адамдардың, әсіресе балалардың, жұмыс орындарында мектептерде, балабақшаларда және қоғамдық көлікте тығыз байланыста және өте белсенді болуымен түсіндіріледі. Тұмау вирусы ауадағы белсенділігін төрт сағатқа дейін сақтайды. Вирустар төмен температураны „жақсы көреді" - плюс 4°C-ге жуық температура (тұрмыстық тоқазытқыштағы жағдай) оңтайлы болып табылады. „Жақсы көреді" деп айту себебім, тек осы температура

кезінде вирус ұзақ сақталады. Осымен қатар, олардың көбеюіне оңтайлы температура - бұл адам денесінің температурасы. Сілекей мен қақырық тамшыларында болатын тұмау вирусы, осы тамшылар төсек-орында, жуынатын үстелде т.б. кепкен соң және оларға сіңгеннен кейін белсенділігін екі аптаға жуық, ал бөлме шаңында бес аптаға дейін сақтайды. Барлық дезинфекциялаушы құралдар тұмау вирусын тез жояды және осы құралдарды қолданып, стандартты ылғалды тазалау - үй-жайларды зарарсыздандырудың тиімді тәсілі. Бөлмелерді жиі желдетіп тұруды да ұмытпаған жөн. Жоғарғы тыныс жолдарына түскен кезде вирус жасушалардың қабықшаларын зақымдап, оның ішіне кіреді. Жасушалардың ішінде вирус тез көбейеді. Жұқтырылғаннан кейін алғашқы тәуліктердің аяғына қарай бір вирус ондаған триллионнан аса вирустың бөлшегін түзеді. Көбейген вирустар жоғарғы тыныс алу жолдарынан шыққаннан кейін жасушалар бұзылады. Тұмаудың алғашқы симптомдары - мұрынның бітелуі және таңдайдың жыбырлауы осыған байланысты. Жасушалардан шыққаннан кейін кейбір вирустар қанға өтеді және қанмен бірге сыртқа қарай бүкіл организмге таралады және де қан тамырларын және ішкі органдарды зақымдайды. Қан тамырларының өте анық байқалатын өзгерістері өкпеде және мида байқалады. Тұмау вирусы адам ағзасының иммунитетін төмендетеді. Инкубациялық кезең бірнеше сағаттан бастап 2-3 күнге дейін созылады. Тұмаудың жеңіл түрімен ауыру ұзақтығы бір апта. Дене қызуының 40 градусқа дейін көтерілуі, қалтырау, әлсіздік, көз қарығу, бұлшық және буынның еттің, бастың және тамақтың ауыруы, жөтелу, мұрынның бітелуі аурудың негізгі белгілері болып табылады. Тұмаудың асқынуларына құлақ, тамақ, мұрын аурулары, жүйке жүйесіне байланысты асқынулар, сондай-ақ созылмалы аурулардың: жүрек-қан-тамырлық, өкпе бронх тарапынан, қант диабеті және эндокриндік жүйенің басқа да ауруларының өршуі жатады. 2 жасқа дейінгі балаларда, созылмалы аурулары бар және жасы үлкен адамдарда тұмау ауыр түрде өтеді.
Тұмаудың алғашқы белгілері байқалысымен дәрігерді үйге шақыру жөн. Кез келген ауруды емдегеннен гөрі, оның алдын алған дұрыс. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) сырқаттанушылықты, асқынуларды және өлім-жітімді айтарлықтай азайтатын, халықты тұмаудан қорғайтын жалғыз және тиімді іс-шара ретінде тұмауға қарсы вакцинациялауды ұсынады. Тұмауға қарсы егілгендерде инфекция жеңіл өтеді, асқынулар мен өлім-жітім жиілігі азаяды. Сонымен, егілген пациенттер арасында егілмегендермен салыстырғанда, бронхиальды астмамен жіті ортаңғы отитпен ауру 3 есеге дейін сирек байқалды.
Жұқпалы аурумен ауырғанда балалар бақшаға барған жоқ. Балаларды таза ауаға жиі шығарып тұру керек. Бөбекжайдың күн тәртібіне сай күніне екі мезгіл

...уенді уақытылы ұйымдастырып отыру, таза ауада ...ендер алдында немесе көшеге шығар кезде мұрнақұсқа оксалин майын жағып алмақ тұмау немесе басқа ЖРВИ вирустарының жұғу жолдарына өзі күрт төмендейді, - деді.

Қаулы етті: Бөбекжайда жұқпалы аурулардың алдын алу жұмыстары жандандырылсын

II тыңдалды. "Үздік табиғат бұрышы" байқауының қорытындысы шығару

Сөйледі: бөбекжай меңгерушісі Баимова Г.Ж. "Үздік табиғат бұрышы" байқауының қорытындысына тоқталып өтті. Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша бөбекжайда "Үздік табиғат бұрышы" байқауы өтті. Алдын ала табиғат бұрыштарының байқауы туралы ереже әзірленді, байқаудың мақсаты, міндеттері, бағалау критерийлері, өткізу тәртібі айқындалды.
Байқаудың міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларда тірі және өлі табиғат, олардың өзара байланысы туралы идеяларды қалыптастыру; тәжірибе барысында балалардың танымдық белсенділігін дамыту үшін максималды жағдайлар жасау, мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды саласын дамыту, барлық тіршілікке адамгершілік қатынасты, тірі және өлі табиғат объектілеріне қамқорлықпен қарауды тәрбиелеу болды.
Байқауға бөбекжайдың барлық жас топтарының тәрбиешілері қатысты. Тәрбиешілер табиғат бұрышын жабдықтау және безендіру бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Барлық топтарда табиғат бұрыштары эстетикалық түрде безендірілген, балаларға қол жетімді жерде орналасқан, белгілі тақырып бойынша көркем және энциклопедиялық әдебиеттер, еңбек қызметіне арналған құралдар бар. Эксперимент процесінде балалардың танымдық белсенділігін дамыту үшін максималды жағдайлар жасалған, зерттеуге арналған құралдар бар. Эксперимент процесінде балалардың танымдық белсенділігін дамыту үшін максималды жағдайлар жасалған, зерттеу жұмыстарына, еңбекке арналған материалдар мен құралдар жүйеленген, қолөнер жасау үшін табиғи материал таңдалған. Табиғат бұрышын жасауға ата-аналар да тартылған. "Көкөністер мен жемістер", "Біздің өлкеміздің құстар әлемі" альбомдары жасалынып, тақырып бойынша дидактикалық және көрнекі материалдар жинақталған. Табиғаттағы маусымдық құбылыстарды балалармен бақылау күнделіктері жүргізілуде. Комиссия мүшелері конкурстың қорытындысын шығарады.

Қаулы етті: Байқау қорытындысының нәтижелері қанағаттанарлық

V тыңдалды: „Балаларда экологиялық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастыру" тақырыбындағы тақырыптық бақылау қорытындылары бойынша талдамалық анықтама

Сөйледі: Меңгеруші Баржикова Г. Ж. сөз алды.
Тексеру барысында мынадай құжаттар талданды: тәрбие-білім беру қызметінің жоспарлары, осы бағыт бойынша ата-аналарға арналған консультациялық материалдар мен сауалнамалар, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін бағалау карталары, экологиялық тәрбие бойынша бағалау карталары. Барлық жастағы топтардың тәрбиелеу мен оқыту циклограммасын тексеру барысында экологиялық тәрбие бойынша жұмысты жоспарлау жүйеде жүргізіліп жатқанын көрсетті. Циклограмманы жоспарлауда серуендеу кезінде де, таңертең де, кешке де бақылаулар егжей-тегжейлі сипатталған: қардың жай-күйі, құстар, бұталар мен ағаштар, табиғаттағы маусымдық өзгерістер күндізгі жарықтың төмендеуімен, ауа температурасының төмендеуімен байланысты. Мақсаттар үшін ересек мектеп жасына дейінгі балалардың ғылыми көзқарасы мен жас ерекшеліктері байқалады - себеп-салдарлық байланыстарды, қарапайым тұжырымдарды, тірі және өлі табиғаттағы қатынастарды орнату. Сондай-ақ, әңгімелер, дидактикалық (үстел, сөздік) және табиғаттану сипатындағы қимылды ойындар, табиғат бұрышындағы кезекшілік жоспарланған. Тәрбиешілер балалармен экология бойынша жеке жұмыс жоспарлайды. Сонымен қатар, „Балапан" мектепалды даярлық тобы мен „Көбелек" ортаңғы топтарындағы балалардың дербес іздестіру-зерттеу қызметіне жеткілікті көңіл бөлінбейді. Жоспарларда экологиялық тәрбие бойынша (таптар) өзгерістер көрсетілмейді. Тәрбие-білім беру циклограммасының жоспарларына толықтыру енгізу және тексеруге әкелу.
Сонымен қатар, тәрбиешілердің педагогикалық құзыреттілігінің ерекшеліктері зерттелді, мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесін ұйымдастыру бойынша тәрбиешілердің теориялық білімдерін анықтауға мүмкіндік беретін әңгімелер жүргізілді. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, тәрбиешілер мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім беру әдістемесін меңгерген, бірақ жас мамандар әрдайым кәсіби білімді, дағдыларды ұтымды қолдана бермейді. Жас мамандарға танымдық даму ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолданылатын әдістер мен тәсілдерді әртараптандыру. „Балапан" ересек тобы мен „Көбелек" ортаңғы топтарында балалар эксперименттің нәтижелерін тіркеу тәсілдерін ойластыру. Балалар мен ата-аналарға арналған экологиялық тәрбие бойынша музыка қызметкерімен бірлескен іс-шараларды жоспарлау.

Қаулы етті: Шығармашылық қызмет бойынша баяндау қорытындысы қанағаттанарлық

VI тыңдалды: Ойын - КДД ұжымдық шығармашылық қызмет, практикалық жұмыс

Сөйледі: музыка жетекшісі Жумабаева А.М алды. КДД ойыны дегеніміз не? Бұл нені білдіреді? Бұл - ұжымдық шығармашылық қызмет. Біз КДД арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие мен білім берудің кейбір сәттерін қарастыруға тырысамыз, деп педагогтермен ұжымдық шығармашылық қызмет бойынша ойын өткізді.

Қаулы етті: Шығармашылық қызмет бойынша өткізілген ойын қанағаттанарлық

VII тыңдалды: „Егістіктегі мықтер" рефлексиясы

Сөйледі: тәрбиеші Сәрсенбаева Г.З. сөз алды. Біз педагогикалық кеңесті қорытындылай келе, біз сіздермен „Егістіктегі мықтер" рефлексиясын өткіземіз, яғни сіздер „Мықты егістікті" жасап шығасыздар. Егер мен оқыған тапсырма бойынша оң нәтижеге қол жеткізсе педагогтер үстелге „қызыл" гүлді қояды, егер дұрыс баймаса „жасыл" гүлді қояды, деп педагогтермен ойын өткізді. Біздің жасыл және көк планетамызға қараңыздар! Мен оның қызыл гүлдермен толатынына күмәнданбадым, өйткені сіздердің жасап жатқан жұмыстарыңыздың бүгін нәтижесін көрсеттіңіздер, - деді.

Қаулы етті: рефлексиялық ойын қанағаттанарлық

VIII тыңдалды: Ағымдағы мәселелер

Сөйледі: Меңгеруші Баринова Г.Ж. сөз алды. Балабақшадағы экологиялық тәрбие - бұл мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттары мен үлгілік оқу бағдарламаларына енгізілген мектепке дейінгі білім берудің маңызды міндеттерінің бірі, өйткені бала кезінен бастап экология мен қоршаған әлемге ұқыпты қарауды қалыптастыру, баланың ересек өмірге апаратын экологиялық сауаттылық пен жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру маңызды. „Біртұтас тәрбие" бағдарламасындағы „Қамқор" жобасы аясында балаларға қоршаған ортаны қорғауға қамқор жасауға үйрету туралы айтылған. Ал деген сөз, біздің әрбір өткізілетін мерекелік шараларымыз, ұйымдастырылған іс-әрекеттеріміз балаларды қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу, ата-аналарды балабақша жұмысына тарту болып табылады. Осы орайда ақпан айында әкелермен бірге

«Құстарға қамқор баламыз» акциясын өткіземіз. Одан барлық топ ата-аналары қатысатын болады. Топтар арасында балаларды отбасылық және ұлттық құндылықтарға баулу мақсатында өтетін Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана, әже және мен» байқауын ұйымдастырылып өткізіледі. Сонымен қатар, 8 наурыз Жарар мерекесіне дайындық жұмыстары қолға алынып, мерекелік ертеңліктің жоспары жасалынып бекітілсін. Аудан деңгейінде, облыс деңгейінде болып жатқан семинар, әр түрлі байқауларға дер кезінде қатысып отырыңыздар. Бұл сіздердің, яғни педагогтердің педагогикалық қызметін шыңдауға көмектеседі, - деді.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Үздік табиғи бұрыша байқауының өтуі қанағаттанарлық
2. Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жұмысты жалғастыру, балалардың экологиялық мәдениетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін ояту, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне танымдық қызығушылықты қалыптастыру.
Жауапты: педагогтар
Орындалу мерзімі: тұрақты
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеу бойынша жұмыстың әртүрлі формалары мен әдістерін үнемі қолдануды жалғастыру (қарапайым эксперимент, тәжірибелер, бақылаулар, экскурсиялар, табиғаттағы еңбек, жобалық іс-шаралар және т.б)
Жауапты: педагогтар
Орындалу мерзімі: тұрақты.
4. Экологиялық бағыттағы түрлі іс-шараларға (конкурстар, акциялар, жобалар және т.б) қатысу.
Жауапты: педагогтар
Орындалу мерзімі: тоқсанына 1 рет.
5. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру бойынша ата-аналар үшін консультациялық - ағартушылық материал дайындау (папка-жылжымалы, стендтерде жадынамалар).
Жауапты: педагогтар
Орындалу мерзімі: тұрақты

Педкеңес төрайымы Баркова Г. Ж.

Педкеңес хатшысы Орынбаева Э. Н.